

«BAQ.KZ» ақпарат агенттігіне мультимедиялық контентті өндіру және сатып алу бойынша қызметтердің

1. ТЕХНИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

2. ҚЫЗМЕТКЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Қызметтің қысқаша анықтамасы:

«BAQ.KZ» мультимедиялық контентті өндіру және сатып алу бойынша қызметті ұсыну:

Желмая жобасы

Өнімге қойылатын негізгі талаптар:

1. Контентте (материалда) шапкасы, титры 2 немесе 3D графикасы және арнайы жабдықты (тұрақтандырғыш, коптер, go-pro камерасы) пайдаланатын басқа әсерлер болуы керек;
2. Контентті (материалды) жүзеге асыру аясында сенімді ақпарат фактілер, сандар, болжамдар) негізінде жасалған материалдар болуы керек.
3. Шығарылымның тақырыбы мен кейіпкерлерінің тізімін тапсырыс берушіден бекітіп алу;
4. Контенттің бірегейлігі;
5. Осы келісім бойынша материалдар бұрын еш жерде жарияланбауы керек. Контент орындаушының өз өнімі болуы шарт.
6. Сапалы дыбыс пен видео;
7. Промо-ролик дайындау, қаптама сурет (превью) және әлеуметтік желілер мен видеохостингте жариялау мен одан әрі ілгерілету үшін сапаттама жазу;
8. Орындаушы әр шығарылымға 1 минуттық промо-ролик пен JPEG 16/9 форматындағы превью ұсынуы керек;
9. Материалды визуалды өңдеу (түсін түзету);
10. Әр видеороликтің хронометражы 30 минуттан кем болмауы керек. Барлығы 6 шығарылымнан кем болмауы керек. Жобаның жалпы хронометражы 180 мин кем болмауы керек.
- ✓ 11. Жарияланар алдында әрбір шығарылымның мазмұны бойынша шортс/рилс мен тайм-код сипаттамасы берілуі тиіс.

«Желмая» жобасында – билікте, саяси тұғырда жүрген елге танымал қоғам қайраткерлері мен саяси тұлғалардың хикаясы. Түрлі салада абыройлы қызметімен елге танылған тұлғалармен елорданы көлікпен аралап жүріп әсерлі әңгіме, тұщымды видеосұхбат оқырман назарына ұсынылады. Жоба қонақтары елімізде болып жатқан белгілі бір оқиғаға, қоғам арасында резонанс тудырған мәселелерге қатысты және басқа да қойылған сұрақтар аясында әңгіме өрбітеді.

Қызмет көрсету кезінде келесі мазмұндағы контентті (материалдарды) орналастыруға тыйым салынады:

- ✓ жобаға қатысы жоқ кез келген компанияның, сайттың жарнамалық материалдары;
- ✓ үшінші тұлғалардың адамгершілікке, ар-намыс пен қадір-қасиетіне, құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделеріне қауіп төндіретін, қорлайтын материалдар;
- ✓ порнографиялық сипаттағы материалдар;
- ✓ адамдарды нәсілдік, этникалық, жыныстық, әлеуметтік белгілері бойынша өшпенділік және/немесе кемсітушілікті насихаттайтын, діни, нәсілдік немесе этникалық араздықты қоздыруға ықпал ететін, жануарларға зорлық-зомбылық немесе адамгершілікке жатпайтын көріністерді қамтитын материалдар және т.б.

3. ҚЫЗМЕТТІ АЯҚТАУ ҮЛГІСІ

1. Жұмыстар, қызметтер көрсетілгеннен кейін есепті айдан кейінгі 5 (бесінші) күннен кешіктірмей Орындаушы орындалған қызметтер туралы есепті қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсынуға міндетті. Тапсырыс орындаушы 2024 жылғы желтоқсан айындағы есепті 2024 жылдың 20 желтоқсанынан кешіктірмей ұсынуы тиіс.
2. Орындаушы Тапсырыс берушінің талаптары мен ескертулеріне сәйкес 5 (бес) жұмыс күні ішінде қызмет көрсету туралы есепті пысықтауға міндетті.

| п / п | Қызметтің атауы | Қызмет көрсету мерзімі | Өлшем бірлігі | Шығарылым саны | 1 шығарылым хронометражы | 1 минуттың құны (ҚҚС-мен есептегенде) | 1 минуттың құны (ҚҚС-мен есептегенде) |
|-------|---|---|---------------|----------------|--------------------------|---------------------------------------|---------------------------------------|
| 1 | Мультимедиялық контентті өндіру және сатып алу бойынша қызмет | Келісімшартқа қол қойылған сәттен бастап 15 желтоқсанға дейін | Шығарылым | 6 | 30 минуттан кем емес* | | |

**Ескерту - хронометраждан асқан жағдайда ақысы шығарылымның 30 минутына ғана төленеді.*

3. ҚЫЗМЕТТІ ОРЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Қызметтерді көрсету нәтижелері осы Техникалық ерекшелікте көрсетілген мерзімде және нысанда ұсынылуы тиіс.

Сонымен қатар Орындаушы осы Шарт бойынша Тапсырыс берушіге ұсынған айрықша құқықтарға кепілдік береді, үшінші тұлғалардың алдында қандай да бір міндеттемелер жүктемейді. Тапсырыс берушіге көрсетілген қызмет бойынша құқықтарды пайдалануға байланысты үшінші тұлғалардың талаптары, наразылық талаптары мен талап арызы берілген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге осындай наразылық талаптары мен талап арыздарының барлық шығынын өтеуге міндетті.